

**"Отандық өңделген тауарларды ілгерілету бойынша  
индустриялық-инновациялық қызмет субъектілері шығындарының бір бөлігін  
өтеу қағидаларын, оларды ілгерілету бойынша шығындары ішінара өтелетін  
отандық өңделген тауарлардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 1128  
бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 2 сәуірдегі № 179 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 2 сәуірде № 18455 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің м.а. 2022 жылғы 1 тамыздағы № 314-НҚ бұйрығымен.

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 01.08.2022 № 314-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі 100-бабының 2-тармағы 13) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. "Отандық өңделген тауарларды ілгерілету бойынша индустриялық-инновациялық қызмет субъектілері шығындарының бір бөлігін өтеу қағидаларын, оларды ілгерілету бойынша шығындары ішінара өтелетін отандық өңделген тауарлардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 1128 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12730 болып тіркелген, 2016 жылғы 16 қаңтарда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Отандық өңделген тауарларды ілгерілету бойынша индустриялық-инновациялық қызмет субъектілері шығындарының бір бөлігін өтеу қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Экспортты дамыту және ілгерілету департаменті заңнама белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі*

*Р. Скляр*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Ауыл шаруашылығы министрлігі

20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрлігі

20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрлігі

20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Цифрлық даму, қорғаныс және  
аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Энергетика министрлігі

20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Индустрия және  
инфрақұрылымдық  
даму министрінің

2019 жылғы 2 сәуірдегі  
№ 179 бұйрығына  
қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму  
министрінің  
2015 жылғы 30 қарашадағы  
№ 1128 бұйрығына  
1-қосымша

## **Отандық өңделген тауарларды ілгерілету бойынша индустриялық-инновациялық қызмет субъектілері шығындарының бір бөлігін өтеу қағидалары**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Отандық өңделген тауарларды ілгерілету бойынша индустриялық-инновациялық қызмет субъектілері шығындарының бір бөлігін өтеу қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 100-бабының 2-тармағы 13) тармақшасына сәйкес әзірленген және отандық өңделген тауарларды ілгерілету бойынша индустриялық-инновациялық қызмет субъектілері шығындарының бір бөлігін өтеу тәртібін айқындайды.

2. Шығындардың бір бөлігін өтеу индустриалды-инновациялық қызмет субъектілеріне оларды ілгерілету бойынша шығындар ішінара өтелетін отандық өңделген тауарлар тізбесі (бұдан әрі – тізбе) негізінде және ағымдағы қаржы жылына арналған республикалық бюджетте осы мақсаттарға көзделген қаражат шегінде беріледі.

3. Индустриялық-инновациялық қызмет субъектісі ұсынылатын өтінімнің және оған қоса берілетін құжаттардың, ақпараттың, бастапқы деректердің, есептеулердің, негіздемелердің толықтығы мен дұрыстығын қамтамасыз етеді.

### **2-тарау. Отандық өңделген тауарларды ілгерілету бойынша индустриялық-инновациялық қызмет субъектілері шығындарының бір бөлігін өтеу тәртібі**

4. Тауарларды ілгерілету бойынша индустриялық-инновациялық қызмет субъектілері шығындарының бір бөлігін өтеу мынадай түрлері бойынша жүргізіледі:

1) шетелде тауарды жарнамалауға байланысты шығындар:

бұқаралық ақпарат құралдары (баспасөз, телевидение, радио, интернет-ресурс), мамандандырылған және жарнамалық журналдар мен каталогтар арқылы шетелдегі жарнамаға;

қоғамдық орындардағы шетелдегі жарнамаға (баннерлер, кермелер, лайт-бокстар, аудио-бейнероликтердің көрсетілімі, көлік құралдарының сыртқы беттеріндегі жарнамаға), қоғамдық көлік салондарындағы жарнамаға;

осы мақсаттарға арналған аудио-бейнероликтерді және жарнама материалдарын дайындауға, жарнамалық конструкцияларды және сыртқы парақшаларын жалға алуға;

2) шетелдік көрмелерге, жәрмеңкелерге, фестивальдарға тікелей қатысу шығындары:

тіркеу жарнасын төлеуге;

көрме алаңдарын жалға алуға;

көрме стендтерін, қосалқы жабдықтарды дайындауға (жалға алуға) монтаждауға/бөлшектеуге;

көрме алаңдарын әзірлеуге, дизайнына және ресімдеуге;

жарнамалық - үлестірме материалдарын әзірлеуге, дизайнына, аударуға және дайындауға;

көрмелерге, жәрмеңкелерге, фестивальдарға қатысатын индустриялық-инновациялық қызмет субъектісінің 2 (екі) қызметкерінің экономикалық класта ұшуына;

бес тәуліктен аспайтын мерзімге, осы Қағидаларға 1-қосымшада көрсетілген шетелдік көрмелерге, жәрмеңкелерге, фестивальдарға қатысатын индустриялық-инновациялық қызмет субъектілері қызметкерлеріне қонақ үй нөмірлерін жалдау бойынша шығыстарды өтеудің шекті сомаларынан АҚШ долларында және еуродан (тәулігіне қызметкерге) аспайтын мөлшерде көрмелерге, жәрмеңкелерге, фестивальдарға қатысатын индустриялық-инновациялық қызмет субъектісінің 2 (екі) қызметкерінің тұруына ;

3) шетелде тарату үшін мамандандырылған каталогты әзірлеумен, шетел тілдеріне аударумен және басып шығарумен байланысты шығындар;

4) шетелде өкілдікті, сауда нүктесін және қойманы ұстауға арналған шығындар:

өкілдіктің кеңсе үй-жайларын жалға алуға/қосымша жалға алуға төлеміне;

сауда алаңдарын және қойманы жалға алуға/қосымша жалға алу төлеміне;

5) шетелде тауар белгілерін (бренд) тіркеумен байланысты рәсімдерді жүргізуге арналған шығындар;

6) шетелде өнімді сертификаттауға байланысты рәсімдерді жүргізуге арналған шығындар;

7) тауарларды жеткізумен байланысты шығындар:

теміржол көлігімен:

магистралдық теміржол желісіне, локомотив тартуына және жүк коммерциялық жұмыстар тарифті төлеуге бағытталған, жөнелту пунктiнен Қазақстан Республикасының шекарасы арқылы теміржол өткізу пункттеріне дейін тауарларды жеткізу кезінде тартқан шығындар өтеледі;

автомобиль көлігімен:

жөнелту пунктiнен халықаралық және республикалық мағызы бар автомобиль жолдары бойымен Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы арқылы халықаралық өткізу пункттеріне дейін шығындар өтеледі.

5. 4-тармақтың 1) - 7) тармақшаларында көрсетілген кәсіпкерлік субъектілерінің санаттарына байланысты индустриялық-инновациялық қызмет субъектілеріне негізделген және құжат түрінде расталған шығындар мынадай тәртіпте өтеледі:

- 1) ірі кәсіпкерлік субъектілеріне өтеуге берілген сомадан 30% мөлшерінде;
- 2) орта кәсіпкерлік субъектілеріне өтеуге берілген сомадан 50% мөлшерінде;
- 3) шағын кәсіпкерлік субъектілеріне өтеуге берілген сомадан 60% мөлшерінде.

6. Осы Қағидалардың 4-тармағының 1) - 7) тармақшыларында көрсетілген шығынның бір бөлігінің өтеу Қазақстан Республикасының жанама салығын ( қосымша құн салығы және акциздер) есептеусіз жүзеге асырылады.

Осы Қағидалардың 4-тармағының 1) - 6) тармақшыларында көрсетілген түрлері бойынша шығынның бір бөлігін өтеудің шекті мөлшері ағымдағы қаржы жылында бір индустриялық-инновациялық қызмет субъектісіне отыз мың айлық есептік көрсеткіштерден аспауы тиіс.

Осы Қағидалардың 4-тармағының 7) тармақшасында көрсетілген шығынның бір бөлігін өтеудің шекті мөлшері тиісті қаржыжылы ішінде бір индустриялық-инновациялық қызмет субъектісіне осы Қағидалардың 1-тармағында көрсетілген мақсаттарда берілетін түрі бойынша ағымдағы қаржы жылына бөлінген қаржы қаражатының көлемнен 1/50 асуы тиіс.

Шығынның бір бөлігінің өтеу лимиті жүк автомобилімен тауарларды жеткізу кезінде жүгірістің 1 (бір) шақырымына 300 (үш жүз) теңгеден астам емесін құрайды.

7. Шығындардың бір бөлігін өтеу Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында жүргізіледі. Шетелдік валютада жұмсалған шығындарды қайта есептеу индустриялық-инновациялық қызмет субъектісінің мәлімделген шығыстары бойынша орындалған жұмыстарға/көрсетілетін қызметтерге төлеу үшін төлемді аудару күніндегі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің валюта бағамы бойынша жүзеге асырылады.

8. Отандық өңделген тауарларды ілгерілету бойынша индустриялық-инновациялық қызмет субъектілері шығындарының бір бөлігін

өтеу бойынша өтінімдерді қабылдауды (бұдан әрі – өтінім) Экспортты дамыту және ілгерілету саласындағы ұлттық даму институты (бұдан әрі – Оператор) жүзеге асырады.

9. Оператор индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті органның (бұдан әрі – уәкілетті орган) тапсырмасы бойынша республикалық бұқаралық ақпарат құралдарында және [export.gov.kz](http://export.gov.kz) веб-порталына (бұдан әрі – веб-портал) өтінімдерді қабылдау орны мен оған қоса берілетін құжаттарды көрсете отырып, өтінімдерді қабылдау, олардың қабылданғанын жүзеге асыратын Оператордың атауы, өтінімдерді қабылдаудың аяқталған күні туралы хабарландыруды, сондай-ақ толық ақпаратты қамтитын интернет-ресурсқа сілтемелерді орналастырады.

Өтінімдерді қабылдау бұқаралық ақпарат құралдарында және веб-порталда хабарландыру жарияланғаннан кейін кемінде бір ай өткен соң аяқталуы тиіс.

Индустриялық-инновациялық қызмет субъектісі сәйкес келуге тиіс талаптар, өтінім нысаны және оған қоса берілетін құжаттар мен материалдардың тізбесі Уәкілетті органның интернет-ресурсында және веб-порталда орналастырылады.

10. Оператор өтінімді қабылдау күні, уақыты және оны қарау кезеңі туралы мәліметтерді веб-порталда орналастырады.

11. Оларды қабылдау аяқталған күннен кейін келіп түскен өтінімдер индустриялық-инновациялық қызмет субъектісіне тиісті хабарлама жібере отырып, қайтарылуы тиіс.

12. Осы Қағидалардың 4-тармағының 1) - 7) тармақшаларында көрсетілген индустриялық-инновациялық қызмет субъектілері шығындарының бір бөлігін өтеуді алуға өтінім мынадай құжаттарды қоса бере отырып, осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалады:

1) сараптама актілерімен және/немесе индустриялық сертификатпен бірге "СТ-KZ", сондай-ақ "СТ-1" және/немесе "СТ-2" және/немесе "А" және/немесе "Түпнұсқа" нысанындағы тауардың шығу тегін растайтын құжаттардың көшірмелері;

2) төлем шығындары оларды өтеу үшін өтінімге енгізілген шартқа қосымшаларымен бірге жұмыстарды/көрсетілетін қызметтерді орындауға арналған шарттың (шарттардың) көшірмесі;

3) шығындардың бір бөлігін өтеу туралы келісім жасасу жоспарланып отырған айдың алдындағы айдың 1-ші күнгі жағдай бойынша есепке алуды мемлекеттік кірістер органы жүргізетін берешектің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтер.

Шетелдік көрмелерге, жәрменкелерге, фестивальдарға тікелей қатысуға арналған жұмыстарды/көрсетілетін қызметтерді орындауға арналған шарт

болмаған жағдайда – шетелдік көрмелерге, жәрменкелерге, фестивальдарға тікелей қатысуға арналған өтінімдердің көшірмелері;

4) Төлем шоттарының (егер төлем құжаттарында көзделсе), шот-фактуралардың (инвойстың) көшірмелері және/немесе орындалған жұмыстар/көрсетілетін қызметтер актілері, сондай-ақ индустриялық-инновациялық қызмет субъектісінің жұмыстарды/көрсетілетін қызметтерді төлеу фактісін растайтын төлем құжаттары.

5) тауарды жеткізуге арналған шарттың көшірмесі;

6) индустриялық-инновациялық қызмет субъектісінің бірінші басшысы және бас бухгалтері (бар болса) расталған тауарларды жеткізу бойынша индустриялық-инновациялық қызмет субъектісінің іс жүзінде шеккен шығындарын растайтын мынадай құжаттардың көшірмелері:

тауарларды жеткізу шығындары бойынша жұмыстарды/көрсетілетін қызметтерді орындауға арналған жасасқан шарт;

тауарларды жеткізуді жүзеге асыруға байланысты жұмыстарды/көрсетілетін қызметтерді орындауға арналған шот-фактура;

тауарларды жеткізуді жүзеге асыруға байланысты жұмыстарға/көрсетілетін қызметтерге ақы төлеуге арналған шот;

орындалған жұмыстардың/көрсетілетін қызметтердің актілері немесе тауарларды жеткізуді жүзеге асыруды растайтын өзге де құжаттар;

7) тауар-көлік жүк түбіршектердің құжаттарының, автомобиль және теміржол көлігінде жүкті қабылдау туралы квитанциялардың көшірмелері;

8) жасалған шарттар бойынша отандық өңделген тауарларды жеткізуге байланысты ақшалай қаражаттың түсуі туралы Қазақстан Республикасының резиденті - екінші деңгейдегі банктің анықтамасы;

9) 2 (екі) жылдан кем емес мерзімде тауарларды жеткізу жөніндегі қызметті жүзеге асырғанын растайтын тасымалдаушыға қатысты ғана ұсынылатын құжаттардың көшірмелері;

10) тауарларды жеткізу кезінде пайдаланылған көлік құралының мемлекеттік тіркелгені туралы куәліктің көшірмесі;

11) тауарларды жеткізу кезінде пайдаланылған көлік құралының меншігінде немесе жалдауында болуын растайтын құжаттардың көшірмелері;

13. Индустриялық-инновациялық қызмет субъектісі шығындардың түрлері бойынша қосымша мынадай құжаттарды ұсынады:

1) тауарларды шетелде жарнамалауға арналған шығындар бойынша:

шетелде тауарларды жарнамалау бойынша қызметтер көрсетуге арналған шарттар және осы жарнамаға шығындарды растайтын құжаттар;

каталогтардың, газеттердің немесе өзге де баспа басылымдарының, мамандандырылған және жарнамалық журналдардың, тауарлар жарнамасы бар

каталогтардың түпнұсқалары (оның ішінде тауар және өндіруші туралы жарнамалық мақалалармен);

телевизиялық жарнаманың бейне нұсқалары (USB флэш жинақтағыштар);

аудио және/немесе бейнероликтердің көрсетілуін растайтын құжаттардың көшірмелері (медиажоспарлар, эфирлік анықтамалар және/немесе жарнаманың расталған шығу кестелері);

радиодағы жарнаманың аудио нұсқалары (USB флэш жинақтағыштар);

шартқа сәйкес орындар мен жарнамалық алаңдарды толық қамтитын қоғамдық орындарда жүргізілген жарнама туралы 2592x1944 пиксельден кем емес рұқсаты бар түрлі-түсті фотоесептер;

шартқа сәйкес орындар мен жарнамалық алаңдарды толық қамтитын көлік құралдарының сыртқы беттеріне жүргізілген жарнама туралы 2592x1944 пиксельден кем емес рұқсаты бар түрлі-түсті фотоесептер;

шартқа сәйкес орындар мен жарнамалық алаңдарды толық қамтитын қоғамдық көлік салондарында жүргізілген жарнама туралы 2592x1944 пиксельден кем емес рұқсаты бар түрлі-түсті фотоесептер;

2) шетелдік көрмелерге, жәрмеңкелерге, фестивальдарға қатысуға арналған шығындар бойынша:

түсірілім орны мен күнін көрсете отырып, шетелдік көрмелерге, жәрмеңкелерге, фестивальдарға қатысу туралы 2592x1944 пиксельден кем емес рұқсаты бар түрлі-түсті фотоесептер, кемінде 3 (үш) дана;

жарнамалық-тарату материалдарының түпнұсқа даналары;

ұшу және тұру бойынша құжаттардың көшірмелері: авиабилеттер, отырғызу талондары, шот-фактуралар және авиабилеттерді сатып алу және тұру бойынша орындалған жұмыстардың актілері, сондай-ақ олардың төленгенін растайтын құжаттар;

осы көрмелерге, жәрмеңкелерге, фестивальдарға қатысу үшін қызметкерлерді іссапарға жіберу туралы бұйрықтың көшірмесі және іссапар куәліктері;

3) каталогты әзірлеу және басып шығару шығындары бойынша:

каталогтың түпнұсқасы;

каталогты тарату және олардың саны туралы бірінші басшының қолы қойылған индустриялық-инновациялық қызмет субъектісі анықтамасының түпнұсқасы;

жүкқұжаттың көшірмесі (каталогты пошта қызметі арқылы жөнелткен жағдайда);

көлік жүкқұжатының көшірмесі (авиа, авто, теміржол көлігі арқылы каталогтар жөнелтілген жағдайда);

4) шетелдегі өкілдікті, сауда алаңын немесе нүктесін, қойманы күтіп-ұстауға арналған шығындар бойынша:



өкілдікті тіркеу туралы құжаттың көшірмесі;  
түсірілімнің орны мен күні көрсетілген өкілдіктің офистік үй-жайы фотосуретінің көшірмесі;

түсіру орны мен күні көрсетілген сауда алаңдары, қойманың фотосуретінің көшірмесі;

өкілдікті қаржыландыруды растайтын құжаттардың көшірмелері;

5) шетелде тауар белгілерін (брендті) тіркеуге байланысты рәсімдерді жүргізуге арналған шығындар бойынша:

тіркеу құжаттарының көшірмелері (сертификаттар);

6) шетелде сертификаттауға байланысты рәсімдерді жүргізуге арналған шығындар бойынша:

тауарларды сертификаттаудан өткенін растайтын құжаттардың көшірмелері (сертификаттар, рұқсаттар және басқа да құжаттар).

7) тауарларды жеткізуге байланысты шығындар бойынша:

жол парақтарының көшірмелері;

тауарларды автомобиль көлігімен жеткізген жағдайда - автомобиль жолдарын басқару жөніндегі Ұлттық оператордан алынған халықаралық және Республикалық маңызы бар автомобиль жолының жөнелту пунктінен Қазақстан Республикасының халықаралық автомобиль өткізу пункттеріне дейінгі ұзындығы туралы мәліметтер.

14. Өтінім және оған қоса берілетін құжаттар мемлекеттік және/немесе орыс тілдерінде ресімделеді.

Құжаттарды шет тілінде ұсынған жағдайда, индустриялық-инновациялық қызмет субъектісі олардың мемлекеттік немесе орыс тілдеріне нотариалды куәландырылған аудармасын қамтамасыз етеді.

15. Қарау үшін индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінің өтінімдері жіберіледі:

1) Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасының (ЕАЭО СЭҚ БТН) 6 және одан да көп белгілері деңгейіндегі тауар позицияларына сәйкес келетін, тізбеге енгізілген өнімдерді сатуды жүзеге асыратын;

2) өз тауарларын ілгерілету бойынша шығындар туралы мәліметтерді қамтитын:

осы Қағидалардың 4-тармағында көрсетілген шығындар түрлеріне жатады;

осы Қағидалардың 4-тармағының 1) - 6) тармақшаларында көрсетілген шығындар түрлері бойынша индустриялық-инновациялық қызмет субъектілері өтінімдерді қабылдау туралы хабарландыру шыққан күнге дейін екі жылдан ерте емес жұмсалған шығындарды;

осы Қағидалардың 4-тармағының 7) тармақшасында көрсетілген шығындар түрлері бойынша индустриялық-инновациялық қызмет субъектілері 2019 жылғы 1 қаңтардан кейін, өтінімдерді қабылдау туралы хабарландыру шыққан күнге дейін бір жылдан ерте емес жұмсалған шығындарды қамтиды.

Осы Қағидалардың 12 және 13-тармақтарында көрсетілген құжаттар тізбесін қоса бере отырып, осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалған өтінім Операторға құжаттардың электрондық көшірмелерін немесе өтінімге қол қоюға уәкілетті тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған веб-портал арқылы электрондық құжаттарды қоса бере отырып, қағаз тасығышта нөмірленген түрде ұсынылады.

Өтінімде шегерімдердің, қосып жазулардың, сызылған сөздердің және өзге де келісілмеген түзетулердің болуына жол берілмейді.

16. Оператор өтінімдерді қабылдағаннан және тіркегеннен кейін 7 (жеті) жұмыс күні ішінде олардың осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігін қарайды және осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша индустриялық-инновациялық қызмет субъектілері шығындарының бір бөлігін өтеуді алуға арналған өтінімнің түйіндемесін дайындайды.

Занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу, дара кәсіпкердің мәртебесі, кәсіпкерлік субъектісінің санаты туралы, берешектің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтерді Оператор тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады.

Мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қажетті мәліметтер болмаған жағдайда, Оператор уәкілетті мемлекеттік органдардан және индустриялық-инновациялық қызмет субъектісінен растайтын құжаттарды сұратуға құқылы.

17. Осы Қағидалардың 12 және 13-тармақтарында көрсетілген ұсынылған құжаттар толық болмаған жағдайда, Оператор өтінім түскен сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде индустриялық-инновациялық қызмет субъектісіне ескертулерді 7 (жеті) жұмыс күні ішінде жою үшін тиісті ескертулерді жібереді.

18. Оператор ескертулер болмаған немесе жойылған жағдайда, өтінімді және өтінімнің түйіндемесін Индустриялық-инновациялық қызмет субъектілері шығындарының бір бөлігін өтеу жөніндегі ведомствоаралық комиссияның (бұдан әрі – Комиссия) қарауына жібереді.

19. Индустриялық-инновациялық қызмет субъектілері шығындарының бір бөлігін өтеу туралы өтінімді Комиссия қарайды, оның құрамын Уәкілетті орган бекітеді.

Комиссияға Уәкілетті органның, мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдардың, Экспортты дамыту және ілгерілету саласындағы ұлттық даму институтының, сондай-ақ Қазақстан Республикасының "Атамекен" Ұлттық кәсіпкерлер палатасының өкілдері кіреді.

Комиссияның отырысы тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі.

20. Комиссия Оператор өтінімді және өтінім түйіндемесін алған сәттен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде шығындардың бір бөлігін өтеу мүмкіндігі немесе мүмкін еместігі туралы тиісті шешім шығарады.

Уәкілетті орган Комиссия отырыстарының аудио немесе бейнежазбасын қамтамасыз етеді.

21. Комиссия шешімінде индустриялық-инновациялық қызмет субъектісінің атауы, келтірілген шығындардың түрлері мен сомасы, сондай-ақ өтінімде көрсетілгеннен ішінара өтеуге жататын шығындардың атауы мен сомасы көрсетіледі.

22. Комиссия:

1) индустриялық-инновациялық қызмет субъектісі ұсынған, өтінімде көрсетілген тиісті шығындарды растайтын құжаттардың толықтығын және/немесе дұрыстығын растаған;

2) өтінімнің осы Қағидаларға сәйкес келген;

3) ағымдағы қаржы жылы ішінде өтінімде көрсетілген шығындарға қатысты жүргізілген өтемнің өтінімін қарау фактілері болмаған;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес орындау мерзімі келген, индустриялық-инновациялық қызмет субъектілері шығындарының бір бөлігін өтеу туралы үлгі келісім жасасу жоспарланатын айдың алдындағы айдың 1-күнгі жағдай бойынша Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес салықтарды, алымдарды және басқа да міндетті төлемдерді төлеу бойынша берешегі болмаған;

5) Қазақстан Республикасының аумағында кәсіпкерлік субъектісі ретінде тіркелген;

6) дара кәсіпкер ретінде тіркелген немесе заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелген;

7) салық төлеуші ретінде тіркелген кезде өтінімде көрсетілген шығындардың бір бөлігін өтеу туралы шешім қабылдайды.

Комиссия шығындардың бір бөлігін өтеуден бас тарту туралы шешім қабылдаған жағдайда, Оператор 3 (үш) жұмыс күні ішінде индустриялық-инновациялық қызмет субъектісіне бас тарту себептерін көрсете отырып, осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша тиісті хабарлама жібереді.

23. Егер индустриялық-инновациялық қызмет субъектісі өтеуге екі және одан да көп шығындары бар бір өтінім берсе және қарау нәтижелері бойынша жекелеген шығындар бойынша осы Қағидалардың 22-тармағына сәйкес бас тарту үшін негіздер бар екені анықталса, осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келмеу бөлігінде шығындарды өтеуден бас тартылады.

24. Уәкілетті орган Комиссия шығындардың бір бөлігін өтеу мүмкіндігі туралы шешім қабылдаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде индустриялық-инновациялық қызмет субъектісімен осы Қағидалардың 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша қаражат аудару туралы келісім жасасады, оған сәйкес өтелетін соманы индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінің шоттарына аударуды жүргізеді.

Отандық өңделген тауарларды  
ілгерілету бойынша  
индустриялық-инновациялық  
қызмет субъектілері  
шығындарының  
бір бөлігін өтеу қағидаларына  
1-қосымша

**Шетелдік көрмелерге қатысатын индустриялық-инновациялық қызмет субъектілері қызметкерлеріне қонақ үй нөмірлерін жалдау бойынша шығыстарды өтеудің шекті сомалары АҚШ долларымен және еуромен (тәулігіне бір қызметкерге)**

Р/с №	Мемлекет	АҚШ доллары	евро
1	2	3	4
1.	Аустрия Республикасы		230
2.	Аустралия	250	
3.	Албания	120	
4.	Алжир Халықтық Демократиялық Республикасы	100	
5.	Америка Құрама Штаттары	260	
	Нью-Йорк қаласы	575	
6.	Ангола Республикасы	120	
7.	Андорра Князьдігі	100	
8.	Антигуа және Барбуда	120	
9.	Аргентина Республикасы	120	
10.	Армения Республикасы	130	
11.	Ауғанстан Ислам Республикасы	100	
12.	Әзербайжан Республикасы	150	
13.	Багам аралдары	100	
14.	Бангладеш Халық Республикасы	100	
15.	Барбадос Республикасы	100	
16.	Бахрейн Мемлекеті	100	
17.	Беларусь Республикасы	100	
18.	Белиз	100	

19.	Бельгия Корольдігі		165
20.	Бенин Республикасы	100	
21.	Бермуд аралдары	100	
22.	Біріккен Араб Әмірліктері	160	
23.	Біріккен Танзания Республикасы	100	
24.	Болгария Республикасы		130
25.	Боливия Республикасы	100	
26.	Босния және Герцеговина		125
27.	Ботсвана Республикасы	100	
28.	Бразилия Федеративтік Республикасы	150	
29.	Бруней	120	
30.	Буркина Фасо Республикасы	100	
31.	Бурунди Республикасы	100	
32.	Вануату	100	
33.	Венесуэла Республикасы	110	
34.	Вьетнам Республикасы	100	
35.	Габон Республикасы	100	
36.	Гаити Республикасы	100	
37.	Гайана Кооперативтік Республикасы	100	
38.	Гамбия Республикасы	100	
39.	Гана Республикасы	100	
40.	Гватемала Республикасы	100	
41.	Гвинея Республикасы	100	
42.	Гвинея-Бисау Республикасы	100	
43.	Германия Федеративтік Республикасы		165
44.	Гибралтар Республикасы	100	
45.	Гондурас Республикасы	100	
46.	Грек Республикасы		185
47.	Гренада Республикасы	100	
48.	Грузия Республикасы	100	
49.	Дания Корольдігі		150
50.	Джибути Республикасы	100	
51.	Доминикан Республикасы	100	
52.	Жаңа Зеландия	150	
53.	Жапония	220	

54.	Заир Республикасы	100	
55.	Замбия Республикасы	120	
56.	Зимбабве Республикасы	100	
57.	Израиль Мемлекеті	160	
58.	Индонезия Республикасы	217	
59.	Иордан Хашимит Корольдігі	120	
60.	Ирак Республикасы	110	
61.	Иран Ислам Республикасы	130	
62.	Ирландия Республикасы		165
63.	Исландия Республикасы		115
64.	Испания Корольдігі		205
65.	Италия Республикасы		205
66.	Йемен Араб Республикасы	100	
67.	Кабо-Верди Республикасы	100	
68.	Кайман аралдары	100	
69.	Камбоджи	100	
70.	Камерун Республикасы	100	
71.	Кампучия	180	
72.	Канада	150	
73.	Қатар Мемлекеті	130	
74.	Кения Республикасы	120	
75.	Кипр Республикасы		150
76.	Колумбия Республикасы	160	
77.	Комор Аралдары Федералды Ислам Республикасы	100	
78.	Конго Халықтық Республикасы	100	
79.	Корей Халықтық Демократиялық Республикасы	150	
80.	Корея Республикасы, Сеул қаласы	210	
81.	Коста-Рика Республикасы	100	
82.	Код-д'Ивуар Республикасы	100	
83.	Куба Республикасы	150	
84.	Кувейт Мемлекеті	150	
85.	Қырғыз Республикасы	100	

86.	Қытай Халық Республикасы	150	
	Гонконг қаласы	150	
87.	Лаос Халықтық Демократиялық Республикасы	100	
88.	Латвия Республикасы		85
89.	Лесото Корольдігі	100	
90.	Либерия Республикасы	100	
91.	Ливан Республикасы	100	
92.	Ливия	100	
93.	Литва Республикасы		100
94.	Лихтенштейн Князьдігі		110
95.	Люксембург Ұлы Герцогтігі		110
96.	Маврикий Республикасы	100	
97.	Мадагаскар Демократиялық Республикасы	100	
98.	Мажарстан Республикасы		125
99.	Макао	100	
100.	Македония Республикасы		115
101.	Малави	120	
102.	Малайзия Федерациясы	170	
103.	Мали Республикасы	100	
104.	Мальта Республикасы	120	
105.	Мальдив Республикасы	100	
106.	Марокко Корольдігі	180	
107.	Мауритания Ислам Республикасы	100	
108.	Мексика Құрама Штаттары	125	
109.	Мозамбик Республикасы	100	
110.	Молдова Республикасы	100	
111.	Монако		175
112.	Моңғолия Республикасы	100	
113.	Мысыр Араб Республикасы	120	
114.	Мьянма	100	
115.	Намибия Республикасы	100	
116.	Непал Корольдігі	100	
117.	Нигер Республикасы	120	

118.	Нигерия Федеративтік Республикасы	100	
119.	Нидерланды Корольдігі		165
120.	Никарагуа Республикасы	100	
121.	Норвегия Корольдігі		250
122.	Оман Сұлтандығы	120	
123.	Оңтүстік Африка Республикасы	100	
124.	Өзбекстан Республикасы	100	
125.	Палау аралы	100	
126.	Панама Республикасы	100	
127.	Папуа Жаңа Гвинея	100	
128.	Парагвай Республикасы	100	
129.	Пәкістан Ислам Республикасы	155	
130.	Перу Республикасы	140	
131.	Польша Республикасы		125
132.	Португалия Республикасы		150
133.	Пуэрто-Рико	100	
134.	Ресей Федерациясы	220	
135.	Руанда Республикасы	100	
136.	Румыния		130
137.	Сальвадор Республикасы	100	
138.	Самоа	100	
139.	Сан-Марино Республикасы	180	
140.	Сан-Томе және Принсипи Демократиялық Республикасы	100	
141.	Сауд Арабиясы Корольдігі	130	
142.	Свазиленд Корольдігі	100	
143.	Сейшель аралдары	100	
144.	Сенегал Республикасы	100	
145.	Сент-Люсия	100	
146.	Сербия және Черногория		125
147.	Сингапур Республикасы	200	
148.	Сирия Араб Республикасы	110	
149.	Словак Республикасы		125
150.	Словения Республикасы		125
151.	Соломон аралдары	100	



152.	Сомали Демократиялық Республикасы	100	
153.	Судан Демократиялық Республикасы	100	
154.	Суринам Республикасы	100	
155.	Сьерра Лион Республикасы	100	
156.	Таиланд Корольдігі	130	
157.	Тайвань	100	
158.	Тәжікстан Республикасы	100	
159.	Тоголез Республикасы	100	
160.	Тонго Корольдігі	100	
161.	Тринидад және Тобаго Республикасы	100	
162.	Тунис Республикасы	100	
163.	Түрік Республикасы	180	
164.	Түрікменстан	120	
165.	Уганда Республикасы	100	
166.	Уругвай Шығыс Республикасы	100	
167.	Украина Республикасы	120	
168.	Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігі		215
169.	Үндістан Республикасы	150	
170.	Фиджи Егеменді Демократиялық Республикасы	100	
171.	Филиппин Республикасы	150	
172.	Финляндия Республикасы	200	
173..	Француз Республикасы		230
174.	Хорватия Республикасы		125
175.	Чад Республикасы	100	
176.	Чех Республикасы		125
177.	Чили Республикасы	110	
178.	Швейцария Конфедерациясы	220	
179.	Швеция Корольдігі		200
180.	Шри-Ланка Демократиялық Социалистік Республикасы	100	
181.	Шығанақтағы аумақтар	100	
182.	Шығыс Самоа	100	

183.	Эквадор Республикасы	110	
184	Экваториалды Гвинея	100	
185.	Эстон Республикасы		125
186.	Эфиопия Федеративтік Демократиялық Республикасы	120	
187.	Ямайка	120	

Отандық өңделген тауарларды  
ілгерілету бойынша  
индустриялық-инновациялық  
қызмет субъектілері  
шығындарының бір бөлігін  
өтеу қағидаларына  
2-қосымша  
Нысан

**Индустриялық-инновациялық қызмет субъектілері шығындарының бір бөлігін өтеуді алуға арналған өтінім**

Кімге: \_\_\_\_\_

(Оператордың атауы)

Кімнен: \_\_\_\_\_

(Индустриялық-инновациялық қызмет субъектісінің ұйымдық-құқықтық нысаны

көрсетілген толық атауы)

Мемлекеттік тіркелген/қайта тіркелген күні \_\_\_\_\_

(анықтама/ куәлік №, кім және қашан берілген)

Нақты мекенжайы \_\_\_\_\_

БСН/ЖСН \_\_\_\_\_

Саланың атауы \_\_\_\_\_

Қызмет түрі \_\_\_\_\_

Қызметкердің саны \_\_\_\_\_

Өндірістік қуаты, ұлғайту мүмкіндігі \_\_\_\_\_

Өндірістің нақты жүктелуі \_\_\_\_\_

(пайызда)

Бірінші басшы \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), лауазымы, телефон нөмірі)  
Өтеуге өтінімді толтырған, байланысатын адам

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), лауазымы, электрондық мекенжайы, телефон)

1. Индустриялық-инновациялық қызмет субъектісі келтірген шығындар:

1) шетелде өнімді жарнамалауға байланысты шығындар:

Шығындар атауы	Шығындар жүргізілген шарттың №	Жеткізушіден көрсетілген қызметтерді/ жұмыстарды қабылдау күні	Шығындар сомасы	
			төлем валютасында	теңгемен (ҚР ҚҚС-сыз)
1	2	3	4	5
1.				
2.				
Барлығы:				

2) шетелдік көрмелерге, жәрменкелерге, фестивальдарға тікелей қатысу шығындары:

Шығындар атауы	Шығындар жүргізілген шарттың №	Жеткізушіден көрсетілген қызметтерді/ жұмыстарды қабылдау күні	Шығындар сомасы	
			төлем валютасында	теңгемен (ҚР ҚҚС-сыз)
1	2	3	4	5
1.				
2.				
Барлығы:				

3) маманданырылған каталогты әзірлеумен, шетелде тарату үшін шет тілдеріне аударуға байланысты шығындар:

Шығындар атауы	Шығындар жүргізілген шарттың №	Жеткізушіден көрсетілген қызметтерді/ жұмыстарды қабылдау күні	Шығындар сомасы	
			төлем валютасында	теңгемен (ҚР ҚҚС-сыз)
1	2	3	4	5
1.				

2.				
Барлығы:				

4) шетелде өкілдікті, сауда нүктесін және қойманы күтіп-ұстауға арналған шығындар:

Шығындар атауы	Шығындар жүргізілген шарттың №	Қабылдау күні	Шығындар сомасы	
			төлем валютасында	теңгемен (ҚР ҚҚС-сыз)
1	2	3	4	5
1.				
2.				
Барлығы:				

5) шетелде тауар белгілерін (бренд) тіркеуге байланысты рәсімдерді жүргізуге арналған шығындар:

Шығындар атауы	Шығындар жүргізілген шарттың №	Жеткізушіден көрсетілген қызметтерді/ жұмыстарды қабылдау күні	Шығындар сомасы	
			төлем валютасында	теңгемен (ҚР ҚҚС-сыз)
1	2	3	4	5
1.				
2.				
Барлығы:				

6) шетелде өнімді сертификаттауға байланысты рәсімдерді жүргізуге арналған шығындар:

Шығындар атауы	Шығындар шарттың №	Жеткізушіден көрсетілген қызметтерді/ жұмыстарды қабылдау күні	Шығындар сомасы	
			төлем валютасында	теңгемен (ҚР ҚҚС-сыз)
1	2	3	4	5
1.				
2.				
Барлығы:				

7) тауарларды жеткізуге байланысты шығындар:

Шығындар атауы	Шығындар шарттың №	Жеткізушіден көрсетілген қызметтерді/ жұмыстарды қабылдау күні	Шығындар сомасы	
			төлем валютасында	теңгемен (ҚР ҚҚС-сыз)
1	2	3	4	5
1.				
2.				
Барлығы:				

Шығындардың бір бөлігін өтеуге мәлімделетін жалпы сомасы:

теңге.

(санмен және жазумен жазылған сомасы)

2. Өткізілетін өнім туралы мәліметтер:

ЕАЭО СЭҚ БТН-ның 6 және одан да көп белгісі деңгейінде тауар позициясы көрсетілген өнім атауы: \_\_\_\_\_

3. Индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінің шығындарының бір бөлігін

осы Қағидалардың 10 және 12-тармақтарына сәйкес өтеу туралы өтінімге қоса берілетін

құжаттар тізбесінің талаптарына сәйкес құжаттардың тізбесі:

1. \_\_\_\_\_
2. \_\_\_\_\_
3. \_\_\_\_\_

Осы өтініммен индустриялық-инновациялық қызмет субъектісі, ұсынылған құжаттардың толықтығына және ақпараты, бастапқы деректердің, есептердің, негіздемелердің дұрыстығына өзіне жауапкершілікті алады.

Индустриялық-инновациялық қызмет субъектісі кәсіпкерлік саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген мемлекеттік қолдаудың өзге де шаралары шеңберінде шығындар республикалық және/немесе жергілікті бюджеттің қаражаты есебінен бұрын өтелмегендігін, қаржыландырмайды немесе қаржыландырылмағандығын растайды.

Басшы: \_\_\_\_\_  
(қолы) тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Өтінімді берген күні: \_\_\_\_\_

Ескерту:

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі;

ҚР ҚҚС – Қазақстан Республикасының қосылған құн салығы;

ЕАЭО СЭҚ БТН – Еуразиялық экономикалық одағының сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасы.

Отандық өңделген тауарларды  
ілгерілету бойынша  
индустриялық-инновациялық  
қызмет субъектілері  
шығындарының бір бөлігін  
өтеу қағидаларына  
3-қосымша  
Нысан

**Индустриялық инновациялар қызмет субъектілерінің шығындарының бір бөлігін өтеуді алуға өтінімдің түйіндемесі**

1. Шығындардың бір бөлігін өтеуге өтінім берген ұйым туралы ақпарат:  
Ұйымның ұйымдық-құқықтық нысанын көрсететін атауы

Мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу күні \_\_\_\_\_

(№ куәліктер/сертификаттар кіммен  
және қашан беріледі)

Нақты мекен-жайы \_\_\_\_\_

БСН \_\_\_\_\_

Сала атауы \_\_\_\_\_

Қызмет түрі \_\_\_\_\_

Қызметкерлер саны \_\_\_\_\_

Өндірістік қуаты, ұлғайту мүмкіндігі \_\_\_\_\_

Өндірістің нақты жүктелуі \_\_\_\_\_

(пайызда)

Бірінші басшы \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), лауазымы, телефон нөмірі)

Өтеуге өтінімді толтырған, байланысатын адам \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), лауазымы, электрондық мекенжайы,

телефон нөмірі, факс нөмірі)

2. Осы Қағидаларының 10 және 12-тармақтарының талаптарына сәйкес  
Отандық өңделген тауарларды ілгерілету бойынша  
индустриялық-инновациялық  
қызмет субъектілері шығындарының бір бөлігін өтеу құжаттардың тізбесі:

1. \_\_\_\_\_
2. \_\_\_\_\_
3. \_\_\_\_\_

3. Осы Қағидаларының 10 және 12-тармақтарының талаптарына сәйкес отандық

өңделген тауарларды (бар болған жағдайда толтыруға) ілгерілету бойынша индустриялық-инновациялық қызмет субъектілері шығындарының бір бөлігін өтеу үшін қайтармағаны үшін ұсынылмаған құжаттардың тізбесі:

1. \_\_\_\_\_
2. \_\_\_\_\_
3. \_\_\_\_\_

4. Өтеуге мәлімделген шығындар

1) шетелде тауаларды жарнамалауға байланысты шығындар:

Шығындар атауы	Шығындар жүргізілген шарттың №	Жеткізушіден көрсетілген қызметтерді/ жұмыстарды қабылдау күні	Шығындар сомасы	
			төлем валютасында	теңгемен (ҚР ҚҚС-сыз)
1	2	3	4	5
1.				
2.				
Барлығы:				

2) шетелдік көрмелерге, жәрменкелерге, фестивальдарға тікелей қатысу шығындары:

Шығындар атауы	Шығындар жүргізілген шарттың №	Жеткізушіден көрсетілген қызметтерді/ жұмыстарды қабылдау күні	Шығындар сомасы	
			төлем валютасында	теңгемен (ҚР ҚҚС-сыз)
1	2	3	4	5
1.				
2.				
Барлығы:				

3) маманданырылған каталогты әзірлеумен, шетелде тарату үшін шет тілдеріне аударуға және басып шығаруға байланысты шығындар:

Шығындар атауы	Шығындар жүргізілген шарттың №	Жеткізушіден көрсетілген қызметтерді/ жұмыстарды қабылдау күні	Шығындар сомасы	
			төлем валютасында	теңгемен (ҚР ҚҚС-сыз)
1	2	3	4	5
1.				

2.				
Барлығы:				

4) шетелде өкілдікті, сауда нүктесін және қойманы күтіп-ұстауға арналған шығындар:

Шығындар атауы	Шығындар жүргізілген шарттың №	Қабылдау күні	Шығындар сомасы	
			төлем валютасында	теңгемен (ҚР ҚҚС-сыз)
1	2	3	4	5
1.				
2.				
Барлығы:				

5) шетелде тауар белгілерін (бренд) тіркеуге байланысты рәсімдерді жүргізуге арналған шығындар:

Шығындар атауы	Шығындар жүргізілген шарттың №	Жеткізушіден көрсетілген қызметтерді/ жұмыстарды қабылдау күні	Шығындар сомасы	
			төлем валютасында	теңгемен (ҚР ҚҚС-сыз)
1	2	3	4	5
1.				
2.				
Барлығы:				

6) шетелде өнімді сертификаттауға байланысты рәсімдерді жүргізуге арналған шығындар:

Шығындар атауы	Шығындар шарттың №	Жеткізушіден көрсетілген қызметтерді/ жұмыстарды қабылдау күні	Шығындар сомасы	
			төлем валютасында	теңгемен (ҚР ҚҚС-сыз)
1	2	3	4	5
1.				
2.				
Барлығы:				

7) тауарларды жеткізуге байланысты шығындар:

Шығындар атауы	Шығындар шарттың №	Жеткізушіден көрсетілген қызметтерді/ жұмыстарды қабылдау күні	Шығындар сомасы	
			төлем валютасында	теңгемен (ҚР ҚҚС-сыз)
1	2	3	4	5
1.				
2.				
Барлығы:				



Шығындардың бір бөлігін өтеуге мәлімделетін жалпы сомасы:

теңге.

(санмен және жазумен жазылған сомасы)

5. Отандық өңделген тауарларды ілгерілету бойынша  
индустриялық-инновациялық қызмет

субъектілері шығындарының бір бөлігін өтеу қағидаларының 6-тармағының  
талаптарына

сәйкес өтелуге жататын (жатпайтын) сома.

Өтелуге жататын сома \_\_\_\_\_ теңгені құрайды.

Өтелуге жатпайтын сома \_\_\_\_\_ теңгені құрайды.

6. ЕАЭО СЭҚ БТН коды бойынша шығарылатын Отандық өңделген  
тауарлардың түрі \_\_\_\_\_

7. Шығындардың бір бөлігін өтеуге болжанатын жалпы сома:

теңге.

(санмен және жазумен жазылған сомасы)

Өтінім бойынша қорытынды: \_\_\_\_\_

Орындаушы: \_\_\_\_\_

(қолы) тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Күні \_\_\_\_\_

Ескерту:

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

ҚР ҚҚС – Қазақстан Республикасының қосылған құн салығы;

ЕАЭО СЭҚ БТН – Еуразиялық экономикалық одағының сыртқы  
экономикалық қызметінің

бірыңғай тауар номенклатурасы.

Отандық өңделген тауарларды  
ілгерілету бойынша  
индустриялық-инновациялық  
қызмет субъектілері  
шығындарының бір бөлігін  
өтеу қағидаларына  
4-қосымша  
Нысан

**Ескерту**

Кімге \_\_\_\_\_

Индустриялық-инновациялық қызмет субъектісінің атауы

Осы арқылы шығындардың бір бөлігін өтеуге арналған өтінімінің  
Отандық өңделген тауарларды ілгерілету бойынша  
индустриялық-инновациялық  
қызмет субъектілері шығындарының бір бөлігін өтеу қағидаларының  
талаптарына сәйкес еместігі туралы хабарлаймыз.

Себептердің сипаттамасы: \_\_\_\_\_

Отандық өңделген тауарларды  
ілгерілету бойынша  
индустриялық-инновациялық  
қызмет субъектілері  
шығындарының бір бөлігін  
өтеу қағидаларына  
5-қосымша  
Нысан

**Индустриялық-инновациялық қызмет субъектілері шығындарының бір бөлігін өтеу  
туралы үлгі келісім**

Нұр-Сұлтан қаласы \_\_\_\_\_ жылғы \_\_\_\_\_  
(жыл, күні, айы)

\_\_\_\_\_ Индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы  
уәкілетті

органның атауы  
(бұдан әрі – Уәкілетті орган) \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ атынан  
(басшысының немесе оның міндетін атқаратын адамның тегі, аты, әкесінің  
аты)

\_\_\_\_\_ негізінде  
әрекет ететін  
(Ереже немесе сенімхат)

\_\_\_\_\_ бір  
тараптан және

(Қазақстан Республикасының заңды тұлғасының атауы, шығындарының бір  
бөлігін

өтеуді алушының атауы, мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер)  
бұдан әрі "Индустриялық-инновациялық қызмет субъектісі" деп аталатын

\_\_\_\_\_ (басшысының немесе оның міндетін атқаратын адамның тегі, аты, әкесінің  
аты)

\_\_\_\_\_ негізінде  
әрекет ететін

(Жарғы немесе сенімхат)

бұдан әрі Тараптар деп аталатындар, Отандық өңделген тауарларды  
ілгерілету бойынша

Индустриялық- инновациялық қызмет субъектілері шығындарының бір  
бөлігін өтеу қағидаларына

(бұдан әрі – Қағидалар) сәйкес Комиссияның \_\_\_\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ №  
\_\_\_\_\_ шешімінің

(бұдан әрі – Комиссия шешімі) негізінде төмендегілер туралы осы Келісімді  
жасасты:

### **1. Негізгі ұғымдар**

1. Осы келісімде пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) Келісім – осы Келісімге, оған сәйкес Уәкілетті орган  
индустриялық-инновациялық қызмет субъектісінің өңделген тауарларды  
ілгерілету кезінде олар шеккен шығындардың бір бөлігін  
индустриялық-инновациялық қызмет субъектісінің есеп шотына қаражаттарды  
аудару жолымен өтейді;

2) шығындардың бір бөлігін өтеу – осы Қағидаларға сәйкес, отандық  
Индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінің өңделген тауарларды  
ілгерілету кезінде шеккен шығындарыныңбір бөлігін өтеу рәсімі.

### **2. Келісімнің мәні**

2. Осы Келісімнің мәні Уәкілетті органның индустриялық-инновациялық  
қызмет субъектісіне шығындарының бір бөлігін \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ теңге сомасындағы өтеуі болып табылады.

3. Шығындардың бір бөлігін өтеу Комиссияның \_\_\_\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_  
шешімі негізінде жүзеге асырылады.

### **3. Тараптардың құқықтары мен міндеттері**

4. Уәкілетті орган қабылдаған шешімнің негізінде отандық өңделген  
тауарларды ілгерілету бойынша индустриялық-инновациялық қызмет субъектісі  
шығындарының бір бөлігін олар өтеу үшін олардың шоттарына ақшалай  
қаражатты аударуды жүзеге асыруға міндетті.

5. Уәкілетті орган:

егер осы Келісім орындалғаннан кейін, индустриялық-инновациялық қызмет субъектісіне шығындардың бір бөлігін өтеу құқығы заңсыз берілгені анықталса, өтеу сомасын қайтаруды талап етуге;

индустриялық-инновациялық қызмет субъектілері шығындарының бір бөлігін өтеу туралы ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыруға құқылы.

6. Индустриялық-инновациялық қызмет субъектісінің:

Оператордың шешіміне сәйкес отандық өңделген тауарларды ілгерілетумен байланысты шығындардың бір бөлігін өтеуге;

бас тарту және өтеу сомасын алған жағдайда, оны қайтару себебін көрсете отырып, өзінің шешімі туралы жазбаша хабарлау жолымен шығындардың бір бөлігін толық немесе ішінара өтеуге арналған қаражаттарды аударудан бас тартуға;

шығындардың бір бөлігінің өтелгені туралы ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыруға құқылы.

7. Уәкілетті орган өз құзыреті шегінде осы Келісімге қол қойылғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде осы Келісімде көрсетілген индустриялық-инновациялық қызмет субъектісінің банктік деректемелері бойынша ақша қаражатын аудару жолымен Индустриялық-инновациялық қызмет субъектісі шығындарының бір бөлігін өтеуге міндеттенеді.

8. Индустриялық-инновациялық қызмет субъектісі Қазақстан Республикасының заңнамасын және осы Келісімнің ережелерін сақтауға міндеттенеді.

#### **4. Құпиялылық**

9. Осы Келісім бойынша Тараптардың әрқайсысы алған кез келген ақпарат құпия болып танылады және өтелген соманы, шығындардың түрін, индустриялық-инновациялық қызмет субъектісінің атауын және тауар позициясының атауын қоспағанда, қарсы тараптың келісімінсіз жария етуге жатпайды.

10. Тараптың екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз өтелген соманы, шығындардың түрін, индустриялық-инновациялық қызмет субъектісінің атауын және тауар позициясының атауын қоспағанда, осы Келісімді орындау мақсатында Келісімнің немесе оның қандай да бір ережелерінің сондай-ақ бір берілген немесе алынған өзге де ақпаратты, материалдарды, мазмұнын, ашуға құқығы жоқ.

#### **5. Форс-мажор**

11. Форс-мажорлық жағдайлар басталуына қарай Тараптар міндеттемелерді орындаудан толық немесе ішінара босатылады. Тараптар табиғи және техногендік сипаттағы дүлей апаттарды, әскери іс-қимылдарды, ереуілдерді, жоғары мемлекеттік органдардың тыйым салатын немесе шектейтін сипаттағы шешімдерін форс-мажорлық жағдайлары деп түсінеді.

12. Форс-мажорлық жағдайлар туындаған жағдайда Тарап күнтізбелік бір күннің ішінде міндеттемелерді орындаудың мүмкін еместігі туралы басқа тарапты хабардар етуге міндетті. Осы талапты сақтамау Тарапты жауапкершіліктен босататын негіз ретінде форс-мажорлық жағдайларға сілтеме жасаудан айырады.

13. Егер форс-мажорлық жағдайлар міндеттемелерді Келісімде көзделген мерзімде орындауға тікелей әсер еткен болса, егер тараптар өзгеше уағдаласпаса, онда бұл мерзім осындай жағдайларды қолданылу уақытына тиісінше кейінге шегеріледі.

## **6. Хабарлама**

14. Келісімге сәйкес бір тараптың басқа тарапқа жолдайтын кез келген хабарламасы хат, жеделхат, кейіннен түпнұсқасын бере отырып, телекс немесе факс түрінде жіберіледі.

15. Хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе көрсетілген күшіне енген күні (егер хабарламада көрсетілген болса), осы күндердің қайсысы кешірек болатынына қарай күшіне енеді.

## **7. Келісімнің қолданылу мерзімі**

16. Келісім қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және ағымдағы қаржы жылы аяқталғанға дейін қолданылады.

17. Егер Келісім жасасқаннан кейін индустриялық-инновациялық қызмет субъектісіне шығындарының бір бөлігін өтеу құқығы заңсыз берілгені анықталған болса, ол орындаусыз бұзылуға жатады.

## **8. Тараптардың жауапкершілігі. Қолданылатын құқық**

18. Осы Келісімді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

19. Келісім үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормалары қолданылады.

## **9. Өзге де шарттар**

20. Тараптардың осы Келісім бойынша өзінің құқықтары мен міндеттемелерін біреуге толықтай да, ішінара да беруге құқығы жоқ.

21. Егер жазбаша нысанда жасалған және тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған әрі олардың мөрлерімен бекітілген жағдайда ғана Келісімге кез келген өзгерістер мен толықтырулар жарамды болады.

22. Келісім бірдей заңды күші бар, Тараптардың әрқайсысы үшін бір-бірден орыс не мемлекеттік тілде екі данада жасалған.

23. Келісіммен реттелмеген бөлігінде Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

Уәкілетті орган	Индустриялық-инновациялық қызмет субъектісі
(Уәкілетті органның атауы)	(Индустриялық-инновациялық қызмет субъектісінің атауы)
Мекенжайы: _____	Мекенжайы: _____
БСН _____	БСН _____
ЖСК _____	ЖСК _____
БАНК _____	БАНК _____
БСК _____	БСК _____
Тел./факс _____	Тел./факс _____
(Уәкілетті органның бірінші басшысының немесе өзге уәкілетті адамның қолы, тегі, аты, әкесінің аты)	(Индустриялық-инновациялық қызмет субъектісінің бірінші басшысының немесе өзге уәкілетті адамның қолы, тегі, аты, әкесінің аты)

Ескерту:

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі;

БСК – банктік сәйкестендіру коды